

КОМПЬЮТЕР ДЕТЯМ
НЕ ИГРУШКА, А СПОРТ

В костанайской специализированной школе-лицее-интернате информационных технологий «Озат» впервые среди школьников области организован турнир по киберспорту. Восемь команд учеников IT-лицея сражаются в популярную игру DOTA-2.

стр. 6



МЕРЕЙЛ МЕКТЕБІМІЗДЕ 47 ЖЫЛ

Мендіқара ауданы, Введен орта мектебінің тарихы 1972 жылдардан бастау алады. 47 жыл шіндегі мектебіміз қаншама түлекті үдән үшірып, қыяға канат қақтырып келеді.

12 бет

Болашақ мамандарды даярлау

Арқалық политехникалық колледжінде жаңа оқу жылышының жұмыс жоспарына сай, өндірістік оқыту шеберлері жетекшілігімен білім алушылардың таңдаған мамандығына орай сабактаныс қолөнер бүйымдарын жасау үйрмелері жұмыс істейді.

Өткен жылдың аяғындағы жетістік – электргазбен дәнекерлеу мамандығы бойынша өндірістік оқыту шебері Е.Қ. Калиевтің жетекшілігімен ГЭС-34 тобының білім алушысы Серікболсын Сайлау «Электрленген мангаль» жобасымен Қостанай қаласында өткен облыстық электрленген бүйымдар сайысында жүлделі орынға ие болды. Бүтінде заманауи «Жылжымалы жылжыту пеші» жобасын жасауды қолға алып отыр. Өндірістік оқыту шебері А.Ж. Жапарғалиева серіктестермен, атап айтсақ, тігін шеберханаларымен, істәжірибе өтетін мекемелермен тығыз байланыста.

2018 жылы А.Ж. Жапарғалиеваның жетекшілігімен білім алушы А.Бакирова «WorldSkills» Қостанай облыстық сайысында жүлделі орынға ие болды. Арқалық политехникалық колледжінің «Жыл адамы» номинациясын жеңіп алды. Колледж әкімшілігі шеберлер мен білім алушылардың еңбектерін бағалап, ақшалай сертификаттармен және мадақтамалармен марапаттады.

Өндірістік оқыту шеберлері әр бағытта жұмыс жасайды. Атап айттар болсак, Н.А. Қалжанов «Өздігінен ток күшін өндіретін козғалтқыш», Б.Ә. Тойшыбеков «Электромобиль макеті», С.Г. Жұнісов «Жел электр станциясының жобасы», Д.Торғайбайұлы «Заманауи ауыл шаруашылығы техникаларының макеті», Т.М. Ахмет, Д.Х. Бекеева «Арнайы қобдиша», ішінде оператор ЭЕМ мамандығының бүйымдары шоғырланған, Ф.Х. Алексеев «Бейтерек» монументінің жоба-



сы, М.Ж. Ельясова, М.Т. Исмагулова «Шашқа тағатын әшекей бүйымдар» үлгілерін жасап шығарумен айналысады. С.С. Хасенова, И.Е. Еденова «Аспаз мамандығына байланысты заманауи бүйымдар» жасауда, Қ.Е. Смағұлов, Т.Т. Искаков «Заманауи ғимараттар жобасы», С.Ж. Абдрахманова «Колледж ғимаратының макеті, оған баламалы энергия көзін қосу» жобасымен айналысу барысында жұмыс істеді.

Сабактан тыс үйрме жұмыстарының басты мақсаты – білім алушылардың таңдаған мамандығына деген қызығушылығын, ой-өрісін дамыту, біліктілігін арттыру.

Үйрімеге жүйелі түрде қатысатын білім алушылардың оқу үлгерімі артқаны, себепсіз окудан қалудың жойылғаны, тәртібінің жақсарғаны, өзі таңдаған мамандығына деген қызығушылығы артқаны байқалады.

Б.Б. ТУРГАЕВ,
Арқалық политехникалық колледжісінің аға шебері